

«КМҒ Банк» АҚ
Акциянерлердің жалпы жиналысы туралы
ереже

Бизнес - иегері:	Корпоративтік хатшы қызметі
Бекітілді:	Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылғы «02» қыркүйектегі № 1(5) хаттамасы
Қолданысқа енгізілді:	2025 жылғы «02» қыркүйектен бастап
Күші жойылды деп танылды:	-
ІНҚ-ға қол жеткізу деңгейі:	Жалпыға қолжетімді ақпарат

Алматы қ.,
2025 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы және оны шақыру тәртібі.....	4
3-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама.....	6
4-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар.....	8
5-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі	10
6-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру.....	12
7-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы.....	14
8-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы	15
9-тарау. Қорытынды ережелер.....	16

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы (бұдан әрі – Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы) туралы ереже «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – АҚ туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына, Банк Жарғысына, Банктің Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.
2. Осы Ереже Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеу, шақыру және өткізу тәртібін, оның құзыретін, дауыс беру тәртібін, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібін, шешім қабылдау және Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасын рәсімдеу тәртібін анықтайды.
3. Осы Ережеде ірі акционер деп бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер түсініледі.
4. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өз қызметінде АҚ туралы Занды, Банк Жарғысын, Кодексті, осы Ережені және Банктің басқа да ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.
5. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, сондай-ақ Банк Жарғысында көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады.
6. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретінде болатын мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
7. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
8. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері акционерлердің назарына оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде, бірақ Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі. Банк сондай-ақ Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері туралы ақпаратты Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында (www.kase.kz) жариялайды.
9. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің қызметін реттейтін өзге де нормативтік актілерге қайшы келмесе, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысып отырған және қатыспаған барлық акционерлердің өздеріне қатысты бөлігінде орындауы үшін міндетті.
10. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалу барысын бақылауды, егер бұл шешімде арнайы айтылмаса және Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілмесе, Банктің Директорлар кеңесі және Басқармасы жүзеге асырады.
11. Акционерлер, олардың өкілдері және Банк Акционерлерінің жалпы

жиналысының басқа да қатысушылары дауыс беру нәтижелерін өңдеу (дауыстарды санау және дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларды толтыру) барысында алынған құпия ақпараттың жариялануы үшін жауапкершілік көтереді.

12. Банктің корпоративтік хатшысы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының отырыстарын әзірлеуді және өткізуді бақылайды, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Банктің корпоративтік хатшысы өз өкілеттіктеріне қарай Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерге қатысты сұрақтар бойынша ақпарат немесе құжаттар, ал қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінен, лауазымды тұлғалардан, Банк бөлімшелерінің басшыларынан түсініктеме сұрауға құқылы, ал аталған тұлғалар оны уақтылы ұсынуға міндетті.
13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу шығындарын Банк көтереді.

2-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы және оны шақыру тәртібі

14. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады.
15. Банк Акционерлерінің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.
16. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:
 - 1) Банк Басқармасы;
 - 2) жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
 - 3) Банктің Директорлар кеңесі;
 - 4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.
17. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Банк жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
18. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуге тиіс.
19. Есепті кезең ішінде Банктің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.
20. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады.
21. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында:
 - 1) Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
 - 2) Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
 - 3) Банк акционерлерінің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.
22. Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен құрамы туралы Банк акционерлеріне хабарлайды.
23. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер

қабылдау Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

24. Банк органдары Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақырудың АҚ туралы заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

25. Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Банктің Директорлар кеңесінің;

2) Банктің ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады.

26. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

27. Қазақстан Республикасының заң актілерінде Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

28. Егер Банк органдары Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің ірі акционерінің талабын орындамаса, Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

29. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Директорлар кеңесіне Банк Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады, онда Банк акционерлерінің осындай жиналысының күн тәртібі, осындай жиналысты шақыруды талап еткен акционердің (акционерлердің) есімдері (атаулары) және оған (оларға) тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

30. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші тұлға (тұлғалар) қол қояды.

31. Банктің Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымына өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

32. Қойылған талапқа сәйкес Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселемен толықтыруға құқылы.

33. Банктің Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру не оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуге міндетті.

34. Банктің Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:

1) Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың АҚ туралы Заң талаптарында белгіленген тәртібі сақталмаған;

2) Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

35.Банктің Директорлар кеңесінің Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

36.Егер Банктің Директорлар кеңесі АҚ туралы Заңда белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдамаса, оның шақырылуын талап етуші тұлға Банкті Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

37.Банктің Директорлар кеңесі Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу нысанын және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнін анықтайды.

38.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

39.Егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Банктің өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

3-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама

40.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

41.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қоспағанда, Банк Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

42.Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу уақыты жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

43.Банк акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының отырысына видео немесе аудио конференциялар нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысуға құқылы.

44.Банк Акционерлеріне алда Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын хабарлануға тиіс.

45.Уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын

ұлғайту туралы мәселе енгізілген Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, акционерлерге Банк Акционерлерінің алдағы жалпы жиналысының өткізілетіні туралы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерлерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында 15 (он бес) жұмыс күнінен бұрын хабарлануы тиіс.

46. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға Банк Жарғысында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жіберілуге тиіс.

47. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Банк акционерлеріне заңнама талаптарына сәйкес берілуге және бейрезидент акционерлерге олардың өкілдері ұсынған электрондық поштаға электрондық нысанда қосымша жіберілуге тиіс және Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ақпаратты қамтуға тиіс.

48. Егер Банк акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аспаса, хабарлама акционерге акционердің өзі немесе оның өкілі берген электрондық поштаға электрондық нысанда не қолма-қол немесе пошта арқылы қағаз түрінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционердің назарына жеткізілуге тиіс. Осы мақсатта акционердің өзі өзінің электрондық поштасын өзекті күйде ұстап, оның қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

49. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруға бастама жасаған тұлға туралы мәліметтер;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуге тиісті болған Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және бюллетеньдерді берудің соңғы күні (аралас дауыс беру кезінде);
- 9) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заң актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

50. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

- 2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруға бастама жасаған тұлға туралы мәліметтер;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Банк акционерлерін Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заң актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

51. Миноритарлық акционер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарийдің тиісті құжаттарында белгіленеді.

4-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар

52. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбегейлі тізбесі қамтылуға тиіс. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кеңінен түсінілетін тұжырымдарды пайдалануға тыйым салынады.
53. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
54. Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Банктің Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстары туралы баяндауға (ақпарат беруге) міндетті.
55. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста ұсынылған дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.
56. Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:
- 1) Банк акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Банктің дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;
 - 2) егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысатын және Банктің дауыс беретін акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
57. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс

беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

58. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпарат қамтылуға тиіс.
59. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Банк акционерлерінің танысуы үшін Банк Басқармасының орналасқан жері бойынша Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 14 (он төрт) күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болуға тиіс және акционердің талабы бойынша оның заңды пошта мекенжайына немесе өзі Банкке берген электрондық пошта мекенжайына сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, ал бейрезидент акционерлерге мұндай талапсыз – олар немесе олардың өкілдері ұсынған электрондық пошта мекенжайына Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 14 (он төрт) күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс, бұл ретте мұндай құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстарды Банктің осы акционері көтереді.
60. Банк органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған үміткерлер туралы мынадай ақпарат:
- 1) аты-жөні, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) Банкке үлестестігі туралы мәліметтер;
 - 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
 - 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.
61. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатыны-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.
62. Егер Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер акционер болып табылса не акционер болып табылмайтын және Банктің Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлға болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Банктің дауыс беретін акцияларын осындай акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.
63. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:
- 1) Банктің жылдық қаржы есептілігін;
 - 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есепті;

- 3) Банктің Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын;
- 4) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты;
- 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуге бастама жасаушының қалауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуға тиіс.

5-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі

- 64.Егер акционерлердің жалпы жиналысы өзгеше шешпесе, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі АҚ туралы заңға, Банк Жарғысына және осы Ережеге сәйкес анықталады.
65. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген күні және уақытта тіркелуге міндетті. Тіркеу уақыты барлық акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) тіркелу үшін жеткілікті болуы керек.
- 66.Осы Ереженің 38-тармағында көрсетілген жағдайда, акционер жеке басын куәландыратын құжат пен акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынуы тиіс.
- 67.Акционердің өкілі жеке басын куәландыратын құжатты және оның Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
- 68.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге:
Банктің Басқарма мүшелерінің;
Банк қызметкерлерінің (мұндай өкілдік Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауларды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда) құқығы жоқ.
- 69.Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 70.Егер Банк Жарғысында немесе Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбесе, оған өзге адамдар шақырусыз қатыса алады. Акционерлердің жалпы жиналысында мұндай адамдардың сөз сөйлеу құқығы Банк жарғысында немесе Банк Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде белгіленеді.
- 71.Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген

акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

- 72.Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетень жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.
- 73.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.
- 74.Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньдер берілген күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 75.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қатысу тәртібінде дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы қайталап өткізіледі.
- 76.Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде Банк алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.
- 77.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын қайталап өткізуді Банк Акционерлерінің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды. Банк Акционерлерінің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің Банк Акционерлерінің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.
- 78.Банк Акционерлерінің өткізілмеген жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:
- 1) кворумның болмауы себепті Банк Акционерлерінің өткізілмеген жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
 - 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 79.Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

- 80.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.
- 81.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды.
- 82.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау мәселесі бойынша және басқа да рәсімдік мәселелер бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 83.Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Банк Басқармасының құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, Банк Басқармасының мүшелері Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 84.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін және жұмыс регламентін, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеу мен баяндамалардың кезектілігін жариялайды.
- 85.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша баяндамалар үшін сөз ұсынады, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаудың аяқталғаны және дауыстарды санаудың басталғаны туралы хабарлайды.
- 86.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы сұрақтарға отырыс барысында тікелей жауап алуды қамтамасыз етеді.
- 87.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.
- 88.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында белгі жасалады.
- 89.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.
- 90.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

6-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

- 91.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
- 2) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

92. Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткер үшін толық беруі немесе ол директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген үміткерлер директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

Егер Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп үміткер тең дауыс санын алса, осы үміткерлерге қатысты акционерлерге тең дауыс санын жинаған үміткерлер көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

93. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар қамтылуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер үшін акционерлер берген дауыстар саны.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

94. Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілген жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілетін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) мәселенің тұжырымдалуы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
- 2) мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Банк органдарына әрбір үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) Банк акционеріне тиесілі дауыстар саны болуға тиіс.

95. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды АҚ туралы Заңға сәйкес сатып алу туралы Банкке талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

96. Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы

қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.

97.Акциянерлердің қатысу тәртібінде өткізілетін жалпы жиналысында ашық тәсілмен дауыс беру жасырын дауыс беру секілді тәртіппен жүзеге асырылады, бірақ қатысып ашық дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер немесе оның өкілі қол қояды.

7-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы

98.Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

99.Акциянерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Банктің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

100. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:

- 1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде - Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей;
- 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде - Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

101. Акционерлерінің саны 100 (жүз) және одан көп қоғамда сырттай дауыс беру кезінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

102. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастама жасаушы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы жабылатын күн;
- 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.
103. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға-акционер (жеке тұлға-акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.
104. Заңды тұлға-акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы немесе заңды тұлға-акционердің өкілі қол қоюға тиіс. Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі және жеке куәліктің көшірмесі қоса беріледі.
105. Жеке тұлға-акционердің не заңды тұлға-акционер басшысының немесе жеке тұлға-акционер өкілінің не заңды тұлға-акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
106. Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.
107. Егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген үміткерлерге берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.
108. Егер Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде көрсетіледі.

8-тарау. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы

109. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.
110. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында:
- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны немесе сырттай дауыс беру кезінде дауыстарды санау күні және уақыты;
 - 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - 4) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының кворумы;
 - 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
 - 7) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы (қатысу тәртібімен отырыс жағдайында) және хатшысы;
 - 8) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;

- 9) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетіледі.
111. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында Банктің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында Банктің Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Банктің Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.
112. Банк Акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына:
- 1) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде) қол қоюға тиіс.
113. Банк Акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы және Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілсе - есеп комиссиясының мүшелері) қол қоюға тиіс.
114. Осы Ереженің 112 және 113 тармақтарында көрсетілген тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, бұл тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, түсініктеме хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.
115. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі.
116. Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған кезде Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына тиісті жазба енгізіледі және ол хаттамамен бірге тігіледі.
117. Көрсетілген құжаттар Банк Басқармасында сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

9-тарау. Қорытынды ережелер

118. Осы Ереженің нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк Жарғысына және Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келген жағдайда осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк Жарғысының және Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарының нормаларына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.
119. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Банк Жарғысының, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

120. Осы Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне кіреді және оны Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.